



Автор: Козбагарова Айганым Кереевна

Пән: География

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Гидросфера

Тақырып: Қазақстанның ішкі сулары. Қазақстанның өзендеріне жалпы сипаттама

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.3.3.1. Қазақстанның ішкі суларын топтастырады, көрсеткіштерін талдайды, сипаттайды; өзендер мен көлдер, мұздықтармен мәңгі тоң, жер асты сулары
Сабақтың мақсаты:	Қазақстанның ішкі сулары туралы білімдерін дамыту. Қазақстанның өзендері мен өзен жүйелері. Су шығыны мен жылдық қатты ағын, өзеннің қоректенуі мен режимі ерекшеліктерімен танысу.
Тілдік мақсаттар:	Гидросфера, өзен жүйесі, өзен торларының жиілігі, су шығыны, жылдық ағын, су режимі.
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар Қазақстанның ішкі сулары туралы мәтінді өз бетінше оқып, мазмұнын ұғына алады, бір-бірімен ізгілікті қарым-қатынас жасай алады; - Өзен жүйелері мен өзен алаптарын картадан көрсете алады. - Өзен жүйесінің ерекшелігі, су шығыны мен жылдық ағын, қоректену ерекшеліктерін ажыратып, талдай алады, тақырып бойынша өз ойын білдіре алады; - Басқалардың пікіріне төзімділікпен қарап, қабылдап үйренеді.
Бағалау критерийлері:	Оқушылар Қазақстанның ішкі сулары туралы мәтінді өз бетінше оқып, мазмұнын ұғына алады, бір-бірімен ізгілікті қарым-қатынас жасай алады; - Өзен жүйелері мен өзен алаптарын картадан көрсете алады. - Өзен жүйесінің ерекшелігі, су шығыны мен жылдық ағын, қоректену ерекшеліктерін ажыратып, талдай алады, тақырып бойынша өз ойын білдіре алады; - Басқалардың пікіріне төзімділікпен қарап, қабылдап үйренеді.
Құндылықтарды дарыту:	Су-тіршілік көзі
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация - слайд, ғаламтор
Пәнаралық байланыс:	әдебиет, химия
Бастапқы білім:	Су- тіршілік көзі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру, топқа бөлу, «Сандарды сөйлетейік» алдыңғы білімді еске түсіру	Интербелсенді тақта, бейнеролик.
Сабақтың ортасы	«Сәйкестікті анықта», III-топқа «Семантикалық карта», топтық жұмыс постер қорғау	Оқулық, Қазақстанның физикалық картасы, атлас, сызбалар, интербелсенді тақта.
Сабақтың соңы	I топ, «Полиглот. Жеті жұрттың тілін біл», II-топқа «Сәйкестендіру тесті», III-топқа «Синквейн», IV-топқа «Өзендердің бағытын сәйкестендір»	презентация

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	«Білім ағашы» Жасыл - бүгінгі сабақтан түйгенім өте көп, маңызды болды. Сары-бүгін көп нәрсені түсіндім, маған пайдалы болды. Қызыл-бүгін сабақта түсінбеген сұрақтарым бар,оқуым керек.	Сурет